



ТӨРТІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Тұлғаға ықпалы. 2-бөлім





Дәрістің мақсаты: төртінші индустриялық революцияның адамға әсерін зерттеу.

Негізгі идеялар:

1. Жеке тұлғаға ықпалы;
2. Насихаттау және жақтастарды жұмылдыру;
3. Адамдардың шешімдерінің өзгерісі;
4. Теңсіздік және өнімділіктің төмендеуі;
5. Әлеуметтік дағдылардың өзгеруі;
6. Қудалау және әлеуметтік диффамация;
7. Психикалық және физикалық денсаулыққа зияны;
8. Балаларға ұсыныстың болмауы.

Жеке тұлғаға ықпалы

11-дәрістің жалғасы ретінде К. Шваб өзінің кітабында төртінші индустриялық революцияның «Жеке тұлғаның» тарауында артықшылықтары бар екенін атап көрсеткенімен, цифрлық технологияның кемшіліктері мен қауіп-қатерлерін және олардың тұлғаға ықпалдары туралы жиі айтады. Төменде цифрлық технологиялардың адамға теріс ықпалдарын қарастыруды жалғастырамыз.

Насихаттау және жақтастарды жұмылдыру

Цифрлық арналар ақпаратты тарату мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, игі мақсаттарға бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өздеріне жақтастар тарту мақсатындағы зиянды материалдарды да таратуға және насихат жұмыстарын жүргізуге де пайдаланылуы мүмкін. Мұндай әрекеттердің ықпалына жастар, әсіресе, оларды әлеуметтік қолдаудың тұрақты жүйесі жоқ болған жағдайда жылдам ұрынбақ.

Google, YouTube, Facebook және Twitter сияқты көптеген платформалар, «зорлық-қылмыс», «қатыгез немесе қанды мазмұн», «террористік іс-әрекет» немесе «ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерден» бас тарту немесе тыйым салу үшін өздерінің қызмет көрсету шарттары мен стандарттарды әрдайым өзгертіп отырады.

Сұрақтар туындайды: Интернет қаншалықты еркін және адам құқықтарын қорғау қаншалықты еркін болып келеді? Ғаламдық әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас әртүрлі нормалар мен құндылықтары ұлттық және мәдени шегараларды кесіп өтсе, сөз бостандығы мен зиянның алдын алу шегарасы қай жерде орын алуы керек? Осы контексте үкімет, өнеркәсіп және азаматтық қоғам қандай рөл атқарады?

Адамдардың шешімдерінің өзгерісі

Контенттің кең ауқымы, кез келген пайдаланушыға цифрлық арналар арқылы қолжетімді. Іздестіру жүйелері, алгоритмдермен, әлеуметтік желі платформалары және басқа да салалық ойыншылары, үлкен көлемдегі ақпаратты басқару үшін деректерді сүзгіден өткізеді. Қазір адамдарда контентті басқаруға арналған құралдар көп.

Дегенмен сандық медиа әлеуметтік проблемалар мен саясаттан жұмыс орындарына дейін негізгі ақпарат көзі ретінде өсіп келе жатқан маңыздылығын ескере отырып, мазмұнның сүзгіленгені және пайдаланушыларға қандай мазмұн мен жарнамалар көрсетілетіндігі туралы ашықтық болуы керек. Кейбір жағдайларда сүзгіштік механизмдер жалған сенім мен қате түсінік жаратып, кемсіту әсері болуы мүмкін.

Клаус: «адамның саналы түрде таңдауы, қазір адамға тиімсіз жаңа әлеуметтік нормаларды сақтау мәселесіне айналуға», – дейді.



Теңсіздік және өнімділіктің төмендеуі

«Бұл теңсіздікті тудырады, бұл жоғарыда сипатталған әлеуметтік теңсіздіктің шегінен шығып кетеді. Бұл онтологиялық теңсіздік екіге бөледі, өзгеріске бейімделген және қарсылық білдіргендерді шын мәнінде жеңімпаздар мен жолы болмағыштарға айналдырады. Жеңімпаздар, тіпті, төртінші индустриялық революцияның белгілі бір секторларының (мысалы, гендік инженерия) жұмысының нәтижесі болған, радикалды жақсартулардың кейбір көріністерінен де пайда көре алады, ал мұндай мүмкіндіктерден жеңілгендер айырылып қалады», – дейді Клаус Шваб.

Әлеуметтік дағдылардың өзгеруі

Шваб келесідей мәселелерге баса назар аударады: «Біз Алгоритмдер ұсынатын немесе отбасы мүшелерінің, достарымыздың немесе әріптестеріміздің ұсыныстарына сенетін боламыз? Біз жасанды интеллектпен жабдықталған диагноздың мінсіз немесе нақтылықпен анықтайтын дәрігер-роботтың көмегіне жүгінеміз бе немесе біз көптеген жылдар бойы білетін дәрігерге, бізді жұбата алатын дәрігерге келуді жалғастыра береміз бе?».

Басқа адамдармен онлайн өзара әрекеттесу, оффлайн әрекеттесумен теңделмейді. Жеке қарым-қатынас басқаларды оқып, түсінудің дәл реттеу қабілетін талап етеді. Бұл отбасылардың, қауымдастықтар мен жұмыс орындарын қамтамасыз ету және оларды қабылдау үшін маңызды әлеуметтік байланысты жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сандық медианы шамадан тыс тұтынудың ықтимал салдары – бұл қоғамдағы эмпатия деңгейінің өзгеруі. Сара Конраттың 2010 жылы жүргізген зерттеулері соңғы 30 жылда колледж оқушылары арасында эмпатия (немесе басқа адамдарға уайымдау) 40%-ға төмендеуін көрсетті, басым бөлігі 2000 жылдан кейінгі құлдырады.

Қудалау және әлеуметтік диффамация

Эмпатия мәселесіне байланысты – бұл Интернетте зиянды мінез-құлық мәселесі. Цифрлық технологиялар әлеуетті шығындарды төмендетті және басқаларға немесе өздеріне зиян келтіретін мінез-құлықты пайдалануды жеңілдетеді. Тіл өшпенділігі, «интернет-троллинг» және киберқорқыту – күрделі мәселелер.

Әлемдегі 4,7 мыңнан астам жасөспірімнің Vodafone компаниясы қаржыландырған Global YouGov сауалнамасында респонденттердің жартысы киберқылмыстың бетпе-бет қорқытуға қарағанда әлсіз екендігін және 43% кибербуллинг нашақорлыққа қарағанда жасөспірімдер арасында күрделі мәселе екенін айтты.

Сауалнамаға қатысқан балалардың 17%-ы интернетте көрген нәрселер алаңдатқаны немесе жүйкесінің титықтағанын айтты. Онлайн-тәуекелдер негативті контентті қарауды немесе жек көру туралы хабарламаларды алуы, келеңсіз ақпараттар мен өз-өзіне зиян келтіретін сайттардан хабарларды қабылдағанын айтты.

Психикалық және физикалық денсаулыққа зиян

Цифрлық медианы шамадан тыс тұтыну, тұтынушылардың денсаулығы мен игілігіне бір-қатар тәуекелдер тудырады. «Цифрлық медиа-сауалнамаға» қатысқан респонденттердің жоғары пайызы, цифрлық медиа олардың өмірінің әртүрлі аспектілеріне теріс әсер етпейді деп санайды, алайда олар физикалық денсаулығына, стресске және көңіл күйге әсер етеді.



Балаларға ұсыныстың болмауы

Балалар бастауыш сыныптарда цифрлық, медиалық бұқаралық ақпараттар әсеріне ұшырайды. Childwise фирмасының жүргізген зерттеуі бойынша, 2015 жылы 5 жасқа дейінгі британдық балалардың 73%-ы, 2012 жылы 23%-ы салыстырғанда планшет немесе компьютерді жиі пайдаланатын болған. Алты жасқа толған кезге дейін 40%-дан астамы құрылғыны күнделікті пайдаланады. Балалар цифрлық медианы шамадан тыс пайдаланудың негативті әсеріне аса осал болғандықтан, бұл үлкен мәселеге айналуда.

Цифрлық БАҚ балаларға үлкен ақпаратқа қол жеткізуді ұсынса да, барлық ақпарат сенімді, расталған болуы мүмкін емес. Жас демографиялық топтар үшін, цифрлық медиа нақты емес ақпаратты және желідегі қауіпті деректерді таратуды жеңілдетеді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Тәжірибелік тапсырма: «Студенттердің кітапханалық библиографиялық сауаттылығын қалыптастыру», «Студенттерге ғылымға деген қызығушылығын ояту және дамыту» тақырыптарындағы эксперимент бағдарламасын алгоритм бойынша жасаңыз.
2. Үлгі бойынша таңдаған тақырыптағы зерттеу жұмысының логикалық аппаратын құрыңыз.
3. Тәжірибелік тапсырма: таңдаған тақырып бойынша библиографиялық шолу жасаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Адамдарды жасақтау үшін цифрлық технологиялар қалай қолданылады?
2. Цифрлық технологиялар адамның шешімдеріне қалай әсер етеді?
3. Төртінші индустриялық революцияның технологиялары жеке өнімділіктің төмендеуіне қалай әсер етеді?

Глоссарий

Эмпатия (лат. *empathia*) – өзге адамдардың жан-дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғына білу. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен мұң-шеріне ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Эмпатияны ғылыми тұрғыда алғаш рет АҚШ психологы Э. Титченер (1867–1927) зерделеді. Ол философиядағы «ұнату» сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті.

Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша дерекқор

1. Nicholas Davis, Shaping the Fourth Industrial Revolution.